

"Қазагрожөнмаш-холдинг" ауыл шаруашылығы машиналарын жасау және агросервис жөніндегі мемлекеттік холдинг компаниясын қайта құру мәселелері

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің Қаулысы 1995 жылғы 13 наурыздағы N 253

Үкіметтің реформаны жеделдету және экономикалық дағдарыстан шығу жөніндегі іс-қимыл бағдарламасына сәйкес, агроөнеркәсіптік кешеннің машина жасау және ауыл шаруашылығы техникаларын жөндеу саласындағы өндіріс тиімділігін арттыру, жекешелендіру процесін тереңдету, нарықтық қатынастарды қалыптастыру мен бәсекелестікті дамыту мақсатында Қазақстан Республикасының Министрлер Кабинеті қаулы етеді:

1. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті мен "Қазагрожөнмаш-холдинг" мемлекеттік холдинг компаниясы Байқау кеңесінің мемлекеттік қатысуымен осы компанияны "Қазагрожөнмаш" ауыл шаруашылығы машиналарын жасау және агросервис жөніндегі акционерлік компаниясы (бұдан былай "Қазагрожөнмаш" акционерлік компаниясы) етіп қайта құру жөніндегі шешіміне келісім берілсін.

2. Қазақстан Республикасының Мемлекеттік мүлік жөніндегі мемлекеттік комитеті: "Қазагрожөнмаш-холдинг" мемлекеттік холдинг компаниясына бұрын берілген оның Жарғылық қорына кірмейтін акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакетін иелену, пайдалану және басқару құқын кері шақырып алсын және бұл құқықты тиісті акционерлік қоғамдарға берсін;

"Қазагрожөнмаш-холдинг" мемлекеттік холдинг компаниясының Жарғылық қорына акционерлік қоғамдардың бұрын берілген акцияларының мемлекеттік пакетін кері шақырып алсын және "Қазагрожөнмаш" акционерлік компаниясына осы акционерлік қоғамдар акцияларының мемлекеттік пакетін иелену, пайдалану және басқару құқын қоса беріліп отырған тізбеге сәйкес табыс етілсін.

3. "Қазагрожөнмаш" акционерлік компаниясы

"Қазагрожөнмаш-холдинг" мемлекеттік компаниясының құқылық мұрагері болып табылады.

4. "Қазагрожөнмаш" акционерлік компаниясы үшін таратылатын "Қазагрожөнмаш-холдинг" мемлекеттік холдинг компаниясының Алматы қаласы, Ленин проспектісі, 38-үйі орналасқан алаңының бір бөлігі сақталатын болсын.

Қазақстан Республикасының

Премьер-министрі

Қазақстан Республикасы

Министрлер Кабинетінің

1995 жылғы 13 наурыздағы

№ 253 қаулысына

Қосымша

"Қазагрожөнмаш" акционерлік компаниясы акциялардың мемлекеттік пакеттерін иелену, пайдалану және басқару құқын табыс ететін акционерлік қоғамдардың (АҚ)

ТІЗБЕСІ

"Алматытағамжөнмаш" АҚ (Алматы қаласы)

"Атбасар жөндеу-механикалық заводы" АҚ (Ақмола облысы)

"Көкшетауагрожөнмаш" АҚ (Көкшетау облысы)

"Комсомольск жөндеу-механикалық заводы" АҚ (Ақмола облысы)

"Қостанайагротехсервис" АҚ (Қостанай қаласы)

"Павлодарагрожөнмаш" АҚ (Павлодар облысы)

"Сайрам" тәжірибе-сынақ өндірістік бірлестігі" АҚ (Оңтүстік Қазақстан облысы)

"Түрген жөндеу-механикалық заводы" АҚ (Алматы облысы)

"Түркістанагрожөнмаш" АҚ (Оңтүстік Қазақстан облысы)

"Оралагрожөнмаш" АҚ (Орал қаласы)

"Үштөбе жөндеу-механикалық заводы" АҚ (Талдықорған облысы)

"Шу жөндеу-механикалық заводы" АҚ (Жамбыл облысы)

"Шортандыагрожөнмаш" АҚ (Көкшетау облысы)

<*>

<*> "Қазагрожөнмаш" акционерлік компаниясы салынып жатқан Талдықорған электрмен су шығаратын насостар заводына мемлекет мүлкін иелену, пайдалану және басқару құқын береді. Кәсіпорынды пайдалануға берген соң, қолданылып жүрген заңдарға сәйкес оны мемлекет иелігінен алу және жекешелендіру жүргізіледі.

ЕСКЕРТУ. Тізбе өзгерді - ҚР Үкіметінің 2000.07.17. № 1080

қаулысымен. P001080_

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК